**Қылмыстық қудалау органдарының жұмысы туралы № 1-Е есептің нысанын және оны құрастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 1 қазандағы № 102 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 4 қарашада № 9852 тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 ( қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз

"Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 9-бабының 22) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 13 қазандағы № 563 Жарлығымен бекітілген "Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы туралы Ереженің 19-тармағының 37) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 16.10.2023 № 189 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес "Қылмыстық қудалау органдарының жұмысы туралы" № 1-Е есептің нысаны;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес "Қылмыстық қудалау органдарының жұмысы туралы" № 1-Е есепті қалыптастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін;

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 04.11.2021 № 145 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Күші жойылды деп танылсын:

1) "Тергеу органдарының жұмысы туралы, оның ішінде қылмыстық істерді тергеу және анықтау қызметі берілген арнайы прокурорлардың" № 1-Е статистикалық есебін" және оны құрастыру Нұсқаулығын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2010 жылғы 20 қаңтардағы № 2 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6015 санымен тіркелген);

2) "Тергеу органдарының, соның ішінде қылмыстық істерді тергеу бойынша қызметтер берілген арнайы прокурорлардың және анықтау органының жұмысы туралы " № 1-Е нысанды есепті және оның құрылуы жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" №

2 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011 жылғы 20 қаңтардағы № 148 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7400 санымен тіркелген);

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (одан әрі - Комитет) осы бұйрықты:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін;

2) құқықтық статистика және арнайы есепке алудың мүдделі субъектілеріне және Комитеттің аумақтық органдарына орындау үшін жолдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет Төрағасына жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жариялануға жатады және 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры* — *А. Дауылбаев*

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2014 жылғы 1 қазандағы
№ 102 бұйрығына
1-қосымша
Нысан

Ескерту. Нысан жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 04.11.2021 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз); 27.09.2022 № 191 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

## Қылмыстық қудалау органдарының жұмысы туралы есеп

### № 1-кесте "Қылмыстық қудалау органдарының негізгі көрсеткіштері"

Ескерту. № 1-кесте жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 01.02.2024 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| Атауы | | Жол коды | жалпы | | тергеу | | анықтау | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Есепті кезең бойынша | Ағымдағы ай бойынша | Есепті кезең бойынша | Ағымдағы ай бойынша | Есепті кезең бойынша | Ағымдағы ай бойынша |
| баған коды | | | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| Есепті кезеңнің басында іс жүргізуде болған істердің қалдығы | | 1 | | | | | | |
| Іс жүргізуге қабылданды | | 2 | | | | | | |
| | Органның өзі сотқа дейінгі | 3 | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | тергеп-тексеруді бастады | | | | | | | | |
| | басқа органдардан тергеулігі бойынша келіп түскендер | 4 | | | | | | | |
| | Прокурор қосымша тергеп-тексеруге қайтарған соң іс жүргізуге қабылданды | 5 | | | | | | | |
| | Прокурор тоқтату туралы қаулыны бекітуден бас тартқаннан кейін іс жүргізуге қабылданды | 6 | | | | | | | |
| | алдын ала тергеуді немесе анықтауды жүргізу үшін қылмыстық қудалау органдарына сот қайтарған бұйрықтық іс жүргізу бойынша қылмыстық істер | 7 | | | | | | | |
| | оның ішінде онша ауыр емес қылмыстар бойынша | 8 | | | | | | | |
| 2-жолдан | прокурор бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулыны бекітуден бас тартқаннан кейін қабылданған қылмыстық істер | 9 | | | | | | | |
| | сот қайтарған хаттамалық нысандағы қылмыстық істер | 10 | | | | | | | |
| | прокурор хаттамалық нысанды қолдану туралы қаулыны бекітуден бас тартқаннан кейін қабылданған қылмыстық істер | 11 | | | | | | | |
| | тергеуді және анықтауды жүргізу | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | үшін қылмыстық қудалау органына қайтарылған жеделдетілген іс жүргізу бойынша қылмыстық істер | | 12 | | | | | | |
| | оның ішінде | сот | 13 | | | | | | |
| | | прокурор | 14 | | | | | | |
| | іс жүргізуі қайта басталған | | 15 | | | | | | |
| | оның ішінде | бұрын тоқтатылған | 16 | | | | | | |
| | | бұрын тергеп-тексеру мерзімдері үзілген істер бойынша | 17 | | | | | | |
| Есепті кезеңде іс жүргізуде болған қылмыстық істердің барлығы | | | 18 | | | | | | |
| Электрондық форматта тағайындалған | | | 19 | | | | | | |
| Электрондық форматтан қағаз жүзіне ауыстырылған | | | 20 | | | | | | |
| Есепті кезеңде аяқталған қылмыстық істердің барлығы ( негізгі істер) | | | 21 | | | | | | |
| | оның ішінде | электрондық форматтағы | 22 | | | | | | |
| негізгілерге қосылған аяқталған қылмыстық істердің саны | | | 23 | | | | | | |
| | оның ішінде | электрондық форматтағы | 24 | | | | | | |
| | Айыптау актісін немесе айыптау хаттамасын бекіту үшін прокурорға жіберілді | | 25 | | | | | | |
| | сондай-ақ негізгілерге қосылған | | 26 | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталғаны туралы есеп жасау және айыптау актісін шығару үшін қылмыстық істі прокурорға жіберу | | 27 | | | | | | |
| | сондай-ақ негізгілерге қосылған | | 28 | | | | | | |
| | Прокурор медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қабылдау үшін жіберген | | 29 | | | | | | |
| | сондай-ақ негізгілерге қосылған | | 30 | | | | | | |
| | Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру хаттамсы нысанында аяқталған | | 31 | | | | | | |
| | сондай-ақ негізгілерге қосылған | | 32 | | | | | | |
| | кінәні мойындау туралы процестік келісімді жасасу тәртібінде аяқталған | | 33 | | | | | | |
| | сондай-ақ негізгілерге қосылған | | 34 | | | | | | |
| | оның ішінде 33-жолдан | кінәні мойындау және заңсыз иемденілген активтерді қайтару туралы мәміле нысанында | 35 | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 1 - жолдан | Хаттамалық нысанды бекіту үшін прокурорға жіберілді | | 36 | | | | | | |
| | сондай-ақ негізгілерге қосылған | | 37 | | | | | | |
| | 3 6 - жолдан | прокурор м е н бекітілге н | 38 | | | | | | |
| | | прокурор хаттамал ы қ нысанды бекітуден б а с тартты | 39 | | | | | | |
| | Бұйрықтық іс жүргізуді бекіту үшін прокурорға жіберілді | | 40 | | | | | | |
| | сондай-ақ негізгілерге қосылған | | 41 | | | | | | |
| | 4 0 - жолдан | прокурор м е н бекітілді | 42 | | | | | | |
| | | бұйрықт ық іс жүргізуді қолданud а н прокурор б а с тартты | 43 | | | | | | |
| | Қылмыстық істі тоқтату туралы шешімді бекіту үшін прокурорға жіберілді | | 44 | | | | | | |
| | сондай-ақ негізгілерге қосылған | | 45 | | | | | | |
| | 4 4 - жолдан | прокурор м е н бекітілді | 46 | | | | | | |
| | | прокурор мен бас тартылды | 47 | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | оның ішінде ақтайтын негіздер бойынша | | 48 | | | | | | | |
| | сондай-ақ негізгілерге қосылған | | 49 | | | | | | | |
| | 48-жолдан | прокурормен бекітілді | 50 | | | | | | | |
| | | прокурормен бас тартылды | 51 | | | | | | | |
| | ынтымақтастық туралы процестік келісім нәтижесінде алынған мәліметтерді қолданумен аяқталған | | 52 | | | | | | | |
| | Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚПК) 45-бабы 7-бөлігінің 1)-тармағы, 2)-тармағы бойынша бұрын үзілген құқық бұзушылықтар санынан тергеп-тексерумен аяқталды | | 53 | | | | | | | |
| | оның ішінде | алдыңғы жылдардың (тоқтатылғандар) | 54 | | | | | | | |
| Іс тергеулігі бойынша жіберілді | | | 55 | | | | | | | |
| сондай-ақ негізгілерге қосылған | | | 56 | | | | | | | |
| Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілген қылмыстық істер | | | 57 | | | | | | | |
| сондай-ақ негізгілерге қосылған | | | 58 | | | | | | | |
| 57-жолдан | | прокурормен келісілді | 59 | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | келісуден бас тартылды | 60 | | | | | | | |
| анықтау органының бастығы бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулыны келісуден бас тартты | | | 61 | | | | | | | |
| | оның ішінде | ауыр емес қылмыстар бойынша | 62 | | | | | | | |
| айыптау органының бастығы айыптау хаттамасын келісуден бас тартты | | | 63 | | | | | | | |
| қылмыстық істерді прокурор сотқа жіберді | | | 64 | | | | | | | |
| оның ішінде | | электрондық форматтағы | 65 | | | | | | | |
| сондай-ақ негізгілерге қосылған (64-жолдан) | | | 66 | | | | | | | |
| 64-жолдан | | олардың ішінде бұйрықтық іс жүргізу тәртібіндегі | 67 | | | | | | | |
| оның ішінде онша ауыр емес қылмыстар бойынша (67-жолдан) | | | 68 | | | | | | | |
| есепті мерзімде іс жүргізуде болғандар санынан қосылған қылмыстық істер | | | 69 | | | | | | | |
| Есепті кезеңнің соңында аяқталмаған қылмыстық істердің қалдығы | | | 70 | | | | | | | |
| 70-жолдан | | оның ішінде адамдар | 71 | | | | | | | |
| Тергеу әрекеттері туралы сотқа жіберілген өтінішхаттар | | | 72 | | | | | | | |
| | қызметінен уақытша шеттету | | 73 | | | | | | | |
| | олардың ішінен | сот санкцияланған | 74 | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | оның ішінде | кәсіпкерлік қызмет саласында | 75 | | | | | | |
| | | сот санкцияланған | 76 | | | | | | |
| | жақындауға тиым салу | | 77 | | | | | | |
| | олардың ішінен | сот санкцияланған | 78 | | | | | | |
| | оның ішінде | кәсіпкерлік қызмет саласында | 79 | | | | | | |
| | | сот санкцияланған | 80 | | | | | | |
| | мәжбүрлеп куәландыру | | 81 | | | | | | |
| | олардың ішінен | сот санкцияланған | 82 | | | | | | |
| | оның ішінде | кәсіпкерлік қызмет саласында | 83 | | | | | | |
| | | сот санкцияланған | 84 | | | | | | |
| | мүлікке тиым салу | | 85 | | | | | | |
| | олардың ішінен | сот санкцияланған | 86 | | | | | | |
| | оның ішінде | кәсіпкерлік қызмет саласында | 87 | | | | | | |
| | | сот санкцияланған | 88 | | | | | | |
| | арнайы медициналық мекемеге орналастыру | | 89 | | | | | | |
| | олардың ішінен | сот санкцияланған | 90 | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | онының ішінде | кәсіпкерлік қызмет саласында | 91 | | | | | | | |
| | | сот санкциялаған | 92 | | | | | | | |
| | мәйітті эксгумациялау | | 93 | | | | | | | |
| | олардың ішінен | сот санкциялаған | 94 | | | | | | | |
| | онының ішінде | кәсіпкерлік қызмет саласында | 95 | | | | | | | |
| | | сот санкциялаған | 96 | | | | | | | |
| | күдіктіге, айыпталушыға халықаралық іздеу жариялау | | 97 | | | | | | | |
| | олардың ішінен | сот санкциялаған | 98 | | | | | | | |
| | онының ішінде | кәсіпкерлік қызмет саласында | 99 | | | | | | | |
| | | сот санкциялаған | 100 | | | | | | | |
| | тінту | | 101 | | | | | | | |
| | олардың ішінен | сот санкциялаған | 102 | | | | | | | |
| онының ішінде | онының ішінде | кәсіпкерлік қызмет саласында | 103 | | | | | | | |
| | | сот санкциялаған | 104 | | | | | | | |
| | алу | | 105 | | | | | | | |
| | олардың ішінен | сот санкциялаған | 106 | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | оның ішінде | кәсіпкерлік қызмет саласында | 107 | | | | | | | |
| | | сот санкцияланған | 108 | | | | | | | |
| | жеке тінту | | 109 | | | | | | | |
| | олардың ішінен | сот санкцияланған | 110 | | | | | | | |
| | оның ішінде | кәсіпкерлік қызмет саласында | 111 | | | | | | | |
| | | сот санкцияланған | 112 | | | | | | | |
| | үлгілерді мәжбүрлеп алу | | 113 | | | | | | | |
| | олардың ішінен | сот санкцияланған | 114 | | | | | | | |
| | оның ішінде | кәсіпкерлік қызмет саласында | 115 | | | | | | | |
| | | сот санкцияланған | 116 | | | | | | | |
| | айғақтарын сақтауға қою | | 117 | | | | | | | |
| | олардың ішінен | сот санкцияланған | 118 | | | | | | | |
| | оның ішінде | кәсіпкерлік қызмет саласында | 119 | | | | | | | |
| | | сот санкцияланған | 120 | | | | | | | |
| | тез бұзылатын немесе қылмыстық істі мәні бойынша шешкенге дейін ұзақ сақталуы елеулі материалдық шығындарды қажет ететін заттай | | 121 | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | дәлелдемелерді өткізу туралы | | | | | | | | |
| | олардың ішінен | с о т санкциялаған | 122 | | | | | | |
| | о н ы ң ішінде | кәсіпкерлік қызмет саласында | 123 | | | | | | |
| | | с о т санкциялаған | 124 | | | | | | |
| | тұрғын үй-жайды мәжбүрлеп тексеру (ҚР ҚПК-нің 220-бабының 14 бөлігі) | | 125 | | | | | | |
| | о н ы ң ішінде | о н ы ң ішінде кәсіпкерлік қызмет саласында | 126 | | | | | | |
| | келу міндеттемесі | | 127 | | | | | | |
| | о н ы ң ішінде | кәсіпкерлік қызмет саласында | 128 | | | | | | |
| | жетек (мәжбүрлеп жеткізу) | | 129 | | | | | | |
| | о н ы ң ішінде | кәсіпкерлік қызмет саласында | 130 | | | | | | |
| Прокурорға мүлікті тәркілеуді жүргізу туралы қорытынды жіберілді (ҚР ҚПК-нің 668-бабының 5-бөлігі) | | | 131 | | | | | | |
| ҚР ҚПК-нің 200-бабына сәйкес ұсыныстар енгізілді | | | 132 | | | | | | |
| 1 3 2 - жолдан | к ә м е л е т к е толмағандарға қарсы қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша, оның ішінде олардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы | | 133 | | | | | | |
| олардың ішінде қаралды | | | 134 | | | | | | |
| оның ішінде мерзімі бұзылған | | | 135 | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| олардың ішінде | тәртіптік жауапкершілікке тартылғаны | 136 | | | | | | | |
| | ӘҚБтК-нің 479-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылған адамдардың саны | 137 | | | | | | | |

**№ 2-кесте "Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілген қылмыстық істер бойынша қылмыстық қудалау органдары жұмысының көрсеткіштері"**

Ескерту. № 2-кесте жаңа редакцияда - 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

| Атауы | | | жалпы | | тергеу | | анықтау | | Прокурор келісуден бас тартты | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жол коды | Есепті кезеңде | Ағымдағы айда | Есепті мерзімде | Ағымдағы айда | Есепті мерзімде | Ағымдағы айда | Есепті кезеңде | Ағымдағы айда |
| баған коды | | | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілген қылмыстық істер | | 1 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 1) тармағы бойынша | 2 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 2) тармағы бойынша | 3 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 3) | 4 | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | тармағы бойынша | | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 4) тармағы бойынша | 5 | | | | | | | | |
| 1-жолдан | ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 5) тармағы бойынша | 6 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 6) тармағы бойынша | 7 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 7) тармағы бойынша | 8 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 8-тармағы бойынша | 9 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7- | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | бөлігінің 9) тармағы бойынша | 10 | | | | | | | | |
| Бұрын сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілгендер санынан органның өзі қайта бастаған: | | 11 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 1) тармағы бойынша | 12 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 2) тармағы бойынша | 13 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 3) тармағы бойынша | 14 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 4) тармағы бойынша | 15 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 45-бабы | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 1 - жолдан | 7 - бөлігінің 5 ) тармағы бойынша | 16 | | | | | | | | |
| | Қ Р ҚПК-нің 45-бабы 7 - бөлігінің 6 ) тармағы бойынша | 17 | | | | | | | | |
| | Қ Р ҚПК-нің 45-бабы 7 - бөлігінің 7 ) тармағы бойынша | 18 | | | | | | | | |
| | Қ Р ҚПК-нің 45-бабы 7 - бөлігінің 8 ) тармағы бойынша | 19 | | | | | | | | |
| | Қ Р ҚПК-нің 45-бабы 7 - бөлігінің 9 ) тармағы бойынша | 20 | | | | | | | | |
| | сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзу туралы | 21 | | | | | | | | |
| | қылмыстық істі | 22 | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | тоқтату туралы | | | | | | | | | |
| | оның ішінде ақтайтын негіздер бойынша | 23 | | | | | | | | |
| | айыптау актісін бекіту үшін прокурорға жіберілген | 24 | | | | | | | | |
| Кейін шешімдер қабылданған: | медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қабылдау үшін прокурорға жіберілген | 25 | | | | | | | | |
| | жеделдетілген сотқа дейінгі іс жүргізу нысанында аяқталған | 26 | | | | | | | | |
| | кінәні мойындау туралы процестік келісімді бекіту тәртібінде аяқталған | 27 | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | хаттамалық нысанда аяқталған | 28 | | | | | | | | |
| | басқа процестік шешімдер (біріктіру, бөлектеп алу, тергеулігі бойынша жіберу және т.б.) | 29 | | | | | | | | |
| есепті мерзімнің соңындағы мерзімдері үзілген қылмыстық істердің қалдығы | | 30 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 1) тармағы бойынша | 31 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 2) тармағы бойынша | 32 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 3) тармағы бойынша | 33 | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 0 - жолдан | Қ Р ҚПК-нің 45-бабы 7 - бөлігінің 4 ) тармағы бойынша | 34 | | | | | | | | |
| | Қ Р ҚПК-нің 45-бабы 7 - бөлігінің 5 ) тармағы бойынша | 35 | | | | | | | | |
| | Қ Р ҚПК-нің 45-бабы 7 - бөлігінің 6 ) тармағы бойынша | 36 | | | | | | | | |
| | Қ Р ҚПК-нің 45-бабы 7 - бөлігінің 7 ) тармағы бойынша | 37 | | | | | | | | |
| | Қ Р ҚПК-нің 45-бабы 7 - бөлігінің 8 ) тармағы бойынша | 38 | | | | | | | | |
| | Қ Р ҚПК-нің 45-бабы 7 - бөлігінің 9 ) | 39 | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | тармағы бойынша | | | | | | | | | |
| Прокурор сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзу туралы қаулыларды келісуден бас тартқаннан кейін шешімдер қабылданды | | 40 | | | | | | | | |
| | сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзу туралы | 41 | | | | | | | | |
| | қылмыстық істі тоқтату туралы | 42 | | | | | | | | |
| | оның ішінде ақтайтын негіздер бойынша | 43 | | | | | | | | |
| | айыптау актісін бекіту үшін прокурорға жіберілген | 44 | | | | | | | | |
| | медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қабылдау үшін прокуро | 45 | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Кейін шешімдер қабылданды: | рға жіберілген | | | | | | | | | |
| | кінәні мойындау туралы процестік келісім жасасу тәртібінде аяқталды | 46 | | | | | | | | |
| | жеделдетілген сотқа дейінгі іс жүргізу нысанында аяқталған | 47 | | | | | | | | |
| | хаттамалық нысанда аяқталған | 48 | | | | | | | | |
| | басқа процестік шешімдері (біріктіру, бөліп шығару, тергеулігі бойынша жіберу және т.б.) | 49 | | | | | | | | |
| Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзу туралы қаулылардың күші жойылды | | 50 | | | | | | | | |
| Оның ішінде қылмыстық | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| құдалау органының өз өтінішхаты бойынша | | 51 | | | | | | | | |
| | сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзу туралы | 52 | | | | | | | | |
| | қылмыстық істі тоқтату туралы | 53 | | | | | | | | |
| | оның ішінде ақтайтын негіздер бойынша | 54 | | | | | | | | |
| | айыптау актісін бекіту үшін прокурорға жіберілді | 55 | | | | | | | | |
| | медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қабылдау үшін прокурорға жіберілді | 56 | | | | | | | | |
| Кейінн шешім қабылдау: | Жеделдетілген сотқа дейінгі іс жүргізу нысанында | 57 | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | аяқталды | | | | | | | | | |
| | кінәні мойындау туралы процестік келісім жасасу тәртібінде аяқталды | 58 | | | | | | | | |
| | хаттамалық түрде аяқталды | 59 | | | | | | | | |
| | басқа процестік шешімдер (біріктіру, бөлектеп алу, тергеулігі бойынша жіберу және т.б.) | 60 | | | | | | | | |

## № 3-кесте "Қылмыстық қудалау органдарының тоқтатылған қылмыстық істер бойынша жұмысының көрсеткіштері"

| Атауы | | жол коды | жалпы | | тергеу | | анықтау | | прокурор бекітуден бас тартты | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Есепті мерзімде | ағымдағы мерзімде | Есепті мерзімде | ағымдағы мерзімде | Есепті мерзімде | ағымдағы мерзімде | Есепті кезеңде | Ағымдағы айда |
| баған коды | | | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| Аяқталғандар санынан тоқтатылған қылмыстық істер | | 1 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 35- | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | бабының 1-бөлігінің 1) тармағы бойынша | 2 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 2) тармағы бойынша | 3 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 3) тармағы бойынша | 4 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 4) тармағы бойынша | 5 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 5) тармағы бойынша | 6 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігіні | 7 | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ң 6) тармағы бойынша | | | | | | | | | |
| 1-жолдан | ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 7) тармағы бойынша | 8 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 8) тармағы бойынша | 9 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 9) тармағы бойынша | 10 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 10) тармағы бойынша | 11 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 11) | 12 | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | тармағы бойынша | | | | | | | | | |
| | Қ Р ҚПК-нің 3 5 - бабының 1 - бөлігінің 12) тармағы бойынша | 13 | | | | | | | | |
| | Қ Р ҚПК-нің 3 6 - бабының 1 - бөлігі бойынша | 14 | | | | | | | | |
| Негізгі істерге қосылған тоқтатылған оқиғалар саны | | 15 | | | | | | | | |
| оның ішінде | ақтайтын негіздер бойынша тоқтатылғандар | 16 | | | | | | | | |
| Қылмыстық істі тергеп-тексеру барысында прокурор тоқтатқан | | 17 | | | | | | | | |
| | Қ Р ҚПК-нің 3 5 - бабының 1 - бөлігінің 1 ) тармағы бойынша | 18 | | | | | | | | |
| | Қ Р ҚПК-нің 3 5 - бабының 1 - | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | бөлігінің 2 ) тармағы бойынша | 19 | | | | | | | | |
| | Қ Р ҚПК-нің 3 5 - бабының 1 - бөлігінің 3 ) тармағы бойынша | 20 | | | | | | | | |
| | Қ Р ҚПК-нің 3 5 - бабының 1 - бөлігінің 4 ) тармағы бойынша | 21 | | | | | | | | |
| | Қ Р ҚПК-нің 3 5 - бабының 1 - бөлігінің 5 ) тармағы бойынша | 22 | | | | | | | | |
| | Қ Р ҚПК-нің 3 5 - бабының 1 - бөлігінің 6 ) тармағы бойынша | 23 | | | | | | | | |
| 1 7 - жолдан | Қ Р ҚПК-нің 3 5 - бабының 1 - бөлігінің 7 ) тармағы | 24 | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | бойынша | | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 8) тармағы бойынша | 25 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 9) тармағы бойынша | 26 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 10) тармағы бойынша | 27 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 11) тармағы бойынша | 28 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 12) тармағы бойынша | 29 | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ҚР ҚПК-нің 36-бабының 1-бөлігі бойынша | 30 | | | | | | | | | |
| Айыптау актісімен келіп түскен прокурор тоқтатқан қылмыстық істер | | 31 | | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 1) тармағы бойынша | 32 | | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 2) тармағы бойынша | 33 | | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 3) тармағы бойынша | 34 | | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 4) тармағы бойынша | 35 | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 31-жолдан | ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 5) тармағы бойынша | 36 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 6) тармағы бойынша | 37 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 7) тармағы бойынша | 38 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 8) тармағы бойынша | 39 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 9) тармағы бойынша | 40 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 35- | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | бабының 1-бөлігінің 10) тармағы бойынша | 41 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 11) тармағы бойынша | 42 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 12) тармағы бойынша | 43 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 36-бабының 1-бөлігі бойынша | 44 | | | | | | | | |
| Прокурор қылмыстық істі тоқтату туралы қаулыны бекітуден бас тартқаннан кейін, содан кейін шешімдер қабылданды: | | 45 | | | | | | | | |
| | сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзу туралы | 46 | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | қылмыстық істі тоқтату туралы | 47 | | | | | | | | | |
| | соның ішінде оңалтатын негіздер бойынша | 48 | | | | | | | | | |
| | айыптау актісін бекіту үшін прокурорға жіберілген | 49 | | | | | | | | | |
| Кейінгісінде шешімдер қабылданған: | Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қабылдау үшін прокурорға жіберілген | 50 | | | | | | | | | |
| | жеделдетілген сотқа дейінгі іс жүргізу нысанында аяқталған | 51 | | | | | | | | | |
| | кінәні мойындау туралы процестік келісімін жасасу тәртібінде | 52 | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | аяқталған | | | | | | | | | |
| | хаттамалық нысанда аяқталған | 53 | | | | | | | | |
| | басқа іс жүргізу шешімдері (біріктіру, бөліп шығару, тергеулігі бойынша жіберу және т.с.с.) | 54 | | | | | | | | |
| Қылмыстық істерді тоқтату туралы қаулылардың күші жойылды | | 55 | | | | | | | | |
| Оның ішінде, органның өзінің өтініші бойынша | | 56 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 1) тармағы бойынша | 57 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 2) тармағы бойынша | 58 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 35-бабыны | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ң 1 - бөлігінің 3 ) тармағы бойынша | 59 | | | | | | | | |
| | Қ Р ҚПК-нің 3 5 - бабының 1 - бөлігінің 4 ) тармағы бойынша | 60 | | | | | | | | |
| | Қ Р ҚПК-нің 3 5 - бабының 1 - бөлігінің 5 ) тармағы бойынша | 61 | | | | | | | | |
| | Қ Р ҚПК-нің 3 5 - бабының 1 - бөлігінің 6 ) тармағы бойынша | 62 | | | | | | | | |
| 5 5 - жолдан | Қ Р ҚПК-нің 3 5 - бабының 1 - бөлігінің 7 ) тармағы бойынша | 63 | | | | | | | | |
| | Қ Р ҚПК-нің 3 5 - бабының 1 - бөлігінің 8 ) | 64 | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | тармағы бойынша | | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 9) тармағы бойынша | 65 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 10) тармағы бойынша | 66 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 11) тармағы бойынша | 67 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 12) тармағы бойынша | 68 | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 36-бабының 1-бөлігі бойынша | 69 | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзу туралы | 70 | | | | | | | | | |
| | қылмыстық істі тоқтату туралы | 71 | | | | | | | | | |
| | соның ішінде оңалтатын негіздер бойынша | 72 | | | | | | | | | |
| | айыптау актісін бекіту үшін прокурорға жіберілген | 73 | | | | | | | | | |
| Кейінгісін шешімдер қабылданған: | Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қабылдау үшін прокурорға жіберілген | 74 | | | | | | | | | |
| | жеделдетілген сотқа дейінгі жүргізу нысанында аяқталған | 75 | | | | | | | | | |
| | кінәні мойындау | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | туралы процестік келісімін жасасу тәртібінде аяқталған | 76 | | | | | | | | |
| | хаттамалық нысанда аяқталған | 77 | | | | | | | | |
| | басқа іс жүргізу шешімдері (біріктіру, бөліп шығару, тергеулігі бойынша жіберу және т.с.с.) | 78 | | | | | | | | |

**№ 4 кесте "Бұлтартпау шарасын таңдау бойынша қылмыстық қудалау органдары жұмысының көрсеткіштері"**

Ескерту. № 4-кесте жаңа редакцияда - 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

| Атауы | | жол коды | жалпы | | тергеу | | анықтау | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | есепті кезеңде | оның ішінде кәмелетке толмағандар | есепті кезеңде | оның ішінде кәмелетке толмағандар | есепті кезеңде | оның ішінде кәмелетке толмағандар |
| баған коды | | | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| Бұлтартпау шаралары таңдалды | | 1 | | | | | | |
| | ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлық туралы қолхат | 2 | | | | | | |
| | жеке кепілгерлік | 3 | | | | | | |
| | әскери қызметшіні әскери бөлім | 4 | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1-жолдан | қолбасшылығының бақылауда ұстауына беру | | | | | | | | |
| | кәмелетке толмаған адамды қарауға ұстауға беру | | 5 | | | | | | |
| | кепіл | | 6 | | | | | | |
| | үйқамақ | | 7 | | | | | | |
| | күзетпен ұстау | | 8 | | | | | | |
| Ұсталғандар (Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 128-бабы (бұдан әрі – ҚР ҚПК) | | | 9 | | | | | | |
| | онының ішінде | 72 сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынғандар | 10 | | | | | | |
| | | 48 сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынғандар | 11 | | | | | | |
| | | 24 сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынғандар | 12 | | | | | | |
| | күзетпен ұстау қолданылды (ҚР ҚПК-нің 147-бабы) | | 13 | | | | | | |
| | Оның ішінде | 72 сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынғандар | 14 | | | | | | |
| | | 48 сағаттан аспайтын мерзімге | 15 | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ұстап алынғандар | | | | | | | |
| | | 24 сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынғандар | 16 | | | | | | |
| | босатылғандардың барлығы | | 17 | | | | | | |
| | оның ішінде | 72 сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынғандар | 18 | | | | | | |
| | | 48 сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынғандар | 19 | | | | | | |
| | | 24 сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынғандар | 20 | | | | | | |
| | | қылмыстық құқық бұзушылықты жасады деген күмәннің расталмауынан | 21 | | | | | | |
| | | ұсталғанға күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасына қамаққа | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 9-жолдан | 17-жолдан | алу не Қазақстан Республикасынан тыс жерге шығару түріндегі жазалау шарасын қолдануға негіздің болмауынан | 22 | | | | | | |
| | | Ұстауды ҚР ҚПК-нің 131-бабының талаптарын елеулі бұзумен жүзеге асырудан | 23 | | | | | | |
| | | ұстау үшін заңды негіздердің болмауы | 24 | | | | | | |
| | | заңмен белгіленген ұстау мерзімінің өтуі | 25 | | | | | | |
| | Прокурор босатқан | | 26 | | | | | | |
| | оның ішінде | 72 сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынғандар | 27 | | | | | | |
| | | 48 сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынғандар | 28 | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 24 сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынғандар | 29 | | | | | | |
| | кейін іздеуге жарияланған | | 30 | | | | | | |
| | органның өзі босатқан | | 31 | | | | | | |
| | оның ішінде | 72 сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынғандар | 32 | | | | | | |
| | | 48 сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынғандар | 33 | | | | | | |
| | | 24 сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынғандар | 34 | | | | | | |
| | кейін іздеу жарияланған | | 35 | | | | | | |
| | ұсталғандарды ұстау орнының басшысы босатқан | | 36 | | | | | | |
| | оның ішінде | 72 сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынғандар | 37 | | | | | | |
| | | 48 сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынғандар | 38 | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 24 сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынғандар | 39 | | | | | | |
| Қылмыстық қудалау органы ұсталғандардың арасынан күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын тағайындау туралы өтінішхаттар жіберген (9-жолдан) | | | 40 | | | | | | |
| оның ішінде | | 72 сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынғандар | 41 | | | | | | |
| | | 48 сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынғандар | 42 | | | | | | |
| | | 24 сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынғандар | 43 | | | | | | |
| Күзетпен ұстау туралы өтінішхатты қолдаудан прокурор бас тартқан (17-жолдан) | | | 44 | | | | | | |
| оның ішінде | | 72 сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынғандар | 45 | | | | | | |
| | | 48 сағаттан аспайтын мерзімге | 46 | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ұстап алынғандар | | | | | | | | |
| | 24 сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынғандар | 47 | | | | | | | |
| кейін іздеу жарияланған | | 48 | | | | | | | |
| Күзетпен ұстауды санкциялаудан сот бас тартқан (17-жолдан) | | 49 | | | | | | | |
| Оның ішінде | 72 сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынғандар | 50 | | | | | | | |
| | 48 сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынғандар | 51 | | | | | | | |
| | 24 сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынғандар | 52 | | | | | | | |
| Кейін іздеу жарияланған | | 53 | | | | | | | |
| Үйқамақты санкциялаудан сот бас тартқан (17-жолдан) | | 54 | | | | | | | |
| Оның ішінде | 72 сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынғандар | 55 | | | | | | | |
| | 48 сағаттан аспайтын мерзімге | 56 | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ұстап алынғандар | | | | | | | |
| | 24 сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынғандар | 57 | | | | | | |
| Күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы жойылған немесе өзгертілген | | 58 | | | | | | |
| 58-жолдан | қылмыстық қудалауды тоқтатумен байланысты | 59 | | | | | | |
| | оның ішінде ақталмайтын негіздер бойынша | 60 | | | | | | |
| Қылмыстық қудалау органы өтінішхаттар жіберген | | 61 | | | | | | |
| Оның ішінде | күзетпен ұстау | 62 | | | | | | |
| | үйқамақ | 63 | | | | | | |
| | кепіл | 64 | | | | | | |
| прокурор өтінішхаттарды қолдаудан бас тартты | | 65 | | | | | | |
| Оның ішінде | күзетпен ұстау | 66 | | | | | | |
| | үйқамақ | 67 | | | | | | |
| сот санкциялаудан бас тартты | | 68 | | | | | | |
| Оның ішінде | күзетпен ұстау | 69 | | | | | | |
| | үйқамақ | 70 | | | | | | |
| | кепіл | 71 | | | | | | |
| Ұстау мерзімдерімен күзетпен ұстауда отырған, қылмыстық істері аяқталған адамдар саны | | 72 | | | | | | |
| | 2 айдан астам, бірақ 3 айдан артық емес | 73 | | | | | | |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| оның ішінде | 3 айдан астам, бірақ 6 айдан артық емес | 74 | | | | | | |
| | 6 айдан астам, бірақ 9 айдан артық емес | 75 | | | | | | |
| | 9 айдан астам, бірақ 12 айдан артық емес | 76 | | | | | | |
| | 18-айдан астам | 77 | | | | | | |
| Аяқталмаған істер бойынша күзетпен ұсталған адамдар саны | | 78 | | | | | | |
| оның ішінде | 2 айдан астам, бірақ 3 айдан артық емес | 79 | | | | | | |
| | 3 айдан астам, бірақ 6 айдан артық емес | 80 | | | | | | |
| | 6 айдан астам, бірақ 9 айдан артық емес | 81 | | | | | | |
| | 9 айдан астам, бірақ 12 айдан артық емес | 82 | | | | | | |
| | 12 айдан астам | 83 | | | | | | |

## № 5-кесте "Қылмыстық істерді сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері бойынша қылмыстық қудалау органдары жұмысының көрсеткіштері"

| Атауы | | | жол коды | жалпы | | тергеу | | анықтау | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Есепті мерзімде | Ағымдағы айда | Есепті мерзімде | Ағымдағы айда | Есепті мерзімде | Ағымдағы айда |
| баған коды | | | | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚПК) 192-бабының 1 және 2-бөліктерінде белгіленгеннен астам мерзімде аяқталған істер | | | 1 | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 192-бабының 4-бөлігімен көзделген тәртіпте сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін ұзартумен | | 2 | | | | | | |
| | қосымша тергеу жүргізу үшін істің қайтарылуымен байланысты | | 3 | | | | | | |
| | іс бойынша іс жүргізуді қайта бастаумен | | 4 | | | | | | |
| | | ҚР ҚПК-нің | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1-жолдан | оның ішінде | 45-бабы 7 - бөлігінің 1 ) тармағынан | 5 | | | | | | |
| | | Қ Р ҚПК-нің 45-бабы 7 - бөлігінің 3 ) тармағынан | 6 | | | | | | |
| | бұрын тоқтатылғандар санынан | | 7 | | | | | | |
| | тергеулігі бойынша қабылданғандардың санынан | | 8 | | | | | | |
| мынадай мерзімде аяқталған істер: | прокурор белгілеген , бірақ 1 айдан аспайтын мерзім | | 9 | | | | | | |
| | прокурор белгілеген , бірақ 2 айдан аспайтын мерзім | | 10 | | | | | | |
| | 1 айдан 2 айға дейін | | 11 | | | | | | |
| | 2 айдан 3 айға дейін | | 12 | | | | | | |
| | 3 айдан 6 айға дейін | | 13 | | | | | | |
| | 6 айдан 9 айға дейін | | 14 | | | | | | |
| | 9 айдан астам | | 15 | | | | | | |
| Мынадай тергеп-тексеру мерзімімен аяқталмаған істер қалдығы: | | | 16 | | | | | | |
| мынадай тергеп-тексеру мерзімімен | прокурор белгілеген мерзімнен асатын, бірақ 1 айдан аспайтын мерзім | | 17 | | | | | | |
| | прокурор белгілеген мерзімнен асатын, бірақ 2 айдан аспайтын мерзім | | 18 | | | | | | |
| | 1 айдан 2 айға дейін | | 19 | | | | | | |
| | 2 айдан астам, бірақ 3 айдан артық емес | | 20 | | | | | | |
| | 3 айдан астам, бірақ 6 айдан артық емес | | 21 | | | | | | |
| | 6 айдан астам, бірақ 9 айдан артық емес | | 22 | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 9 айдан астам, бірақ 12 айдан артық емес | 23 | | | | | | | |
| | 12 айдан астам | 24 | | | | | | | |

**№ 6-кесте "Қылмыстық қудалау органдарының оларға қатысты қылмыстық қудалау ақтайтын негіздер бойынша тоқтатылған не ақтау үкімі шығарылған адамдар саны туралы жұмысының көрсеткіштері".**

| Атауы | | | | Жалпы | | | | Тергеу | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Есепті мерзімде | Ағымдағы айда | 1 - бағаннан оларға қатысты шешімдер өткен жылдары қабылданған адамдарға қатысты | Электрондық нысандағы істер бойынша | Есепті мерзімде | Ағымдағы айда | 1 - бағаннан оларға қатысты шешімдер өткен жылдары қабылданған адамдарға қатысты | Электрондық нысандағы істер бойынша |
| баған коды | | | | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| Оларға қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған немесе ақтау үкімі шығарылған адамдар саны (3, 10, 19-жолдардың сомасы) | | | 1 | | | | | | | | |
| оның ішінде қылмыстық теріс қылық туралы істер бойынша | | | 2 | | | | | | | | |
| | Оларға қатысты қылмыстық істер немесе қылмыстық қудалау ақтайтын негіздер бойынша тоқтатылған адамдар саны (ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігі) | | 3 | | | | | | | | |
| | | әрекеттерді саралау туралы қаулылар жарияланған | 4 | | | | | | | | |
| | | олардан басқа ведомствомен | 5 | | | | | | | | |
| | | ҚР ҚПК-нің 128-бабы тәртібінде ұсталған | 6 | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| олардан | олардан басқа ведомствомен | 7 | | | | | | | | | |
| | бұлтартпау шарасы таңдалды | 8 | | | | | | | | | |
| | олардан бұлтартпау шарасы басқа ведомствомен таңдалған | 9 | | | | | | | | | |
| Оларға қатысты қылмыстық істерді немесе қылмыстық қудалауды ақтайтын негіздер бойынша сот тоқтатқан адамдар саны (ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігі) | | 10 | | | | | | | | | |
| Оның ішінде қылмыстық құқық теріс қылық туралы істер бойынша | | 11 | | | | | | | | | |
| Оның ішінде шешім қабылданды | Бірінші сатыдағы соттармен | 12 | | | | | | | | | |
| | Апелляциялық саты соттарымен | 13 | | | | | | | | | |
| | Жоғарғы сотпен (кассациялық саты) | 14 | | | | | | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 128-бабы тәртібінде ұсталған | 15 | | | | | | | | | |
| | олардан басқа | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ведомствомен | 16 | | | | | | | | | |
| оларда н: | Олардан | күзетпен ұсталған немесе үйде камауда ұсталған | 17 | | | | | | | | | |
| | | олардан күзетпен ұстау немесе үйде қамауда ұстау басқа ведомствомен таңдалған | 18 | | | | | | | | | |
| | Сотпен ақталған (заңды күшіне енген) | | 19 | | | | | | | | | |
| | Оның ішінде қылмыстық теріс қылық туралы істер бойынша | | 20 | | | | | | | | | |
| | Оның ішінде шешім қабылданды | Бірінші сатыдағы соттармен | 21 | | | | | | | | | |
| | | Апелляциялық саты соттарымен | 22 | | | | | | | | | |
| | | Жоғарғы сотпен (кассациялық саты) | 23 | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | олардан | ҚР ҚПК-нің 128-бабы тәртібінде ұсталған | 24 | | | | | | | | | |
| | | олардан басқа ведомствомен | 25 | | | | | | | | | |
| | | күзетпен ұсталған немесе үйде камауда ұсталған | 26 | | | | | | | | | |
| | | олардан күзетпен ұстау немесе үйде қамауда ұстау басқа ведомствомен таңдалған | 27 | | | | | | | | | |
| Әрекеттерін саралауға келісуден бас тартылған адамдар саны | | | 28 | | | | | | | | | |

Кестенің жалғасы

| Анықтау | | | |
|---|---|---|---|
| Есепті мерзімде | Ағымдағы айда | 1-бағаннан оларға қатысты шешімдер өткен жылдары қабылданған адамдарға қатысты | Электрондық нысандағы істер бойынша |
| 9 | 10 | 11 | 12 |
| | | | |

**№ 7-кесте "Кәмелетке толмағандардың істері бойынша қылмыстық қудалау органдары жұмысының көрсеткіштері"**

Ескерту. № 7-кесте жаңа редакцияда - 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

| Атауы | | | жол коды | жалпы | тергеу | анықтау | Прокурор келісуден / бекітуден бас тарттқан |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Есепті мерзімде | Есепті айда | Есепті айда | Ағымдағы айда |
| баған коды | | | | 1 | 3 | 5 | 4 |
| Іс жүргізуде болған қылмыстық істер | | | 1 | | | | |
| оның ішінде | қосымша тергеп-тексеруге қайтарылғандар | | 2 | | | | |
| | Іс жүргізуі қайта басталғандар | | 3 | | | | |
| | оның ішінде | бұрын тоқтатылғандар | 4 | | | | |
| | | бұрын үзілгендер | 5 | | | | |
| Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілген қылмыстық істер | | | 6 | | | | |
| оның ішінде | ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 1) тармағы бойынша | | 7 | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 2) тармағы бойынша | | 8 | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 3) тармағы бойынша | | 9 | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 4) тармағы бойынша | | 10 | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 5) тармағы бойынша | | 11 | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 6) тармағы бойынша | | 12 | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 7) тармағы бойынша | | 13 | | | | |
| | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 8) тармағы бойынша | | 14 | | | | |
| | ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 9) тармағы бойынша | | 15 | | | | |
| Тергеулігі бойынша жіберілген қылмыстық істер | | | 16 | | | | |
| Есепті мерзімде аяқталған қылмыстық істердің барлығы | | | 17 | | | | |
| ҚР ҚПК-де белгіленгеннен астам мерзімде аяқталған қылмыстық істер ( 17-жолдан) | | | 18 | | | | |
| | айыптау актісін бекіту үшін прокурорға жіберілген | | 19 | | | | |
| | медициналық сипаттағы шараларды қабылдау үшін прокурорға жіберілген | | 20 | | | | |
| | тоқтатылған істер | | 21 | | | | |
| | | ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 1-тармағы бойынша | 22 | | | | |
| | | ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 2-тармағы бойынша | 23 | | | | |
| | | ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 3-тармағы бойынша | 24 | | | | |
| | | ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 4-тармағы бойынша | 25 | | | | |
| | | ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 5-тармағы бойынша | 26 | | | | |
| | | ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1- | 27 | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 17-жолдан | | бөлігінің 6-тармағы бойынша | | | | | |
| | оның ішінде | ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 7-тармағы бойынша | 28 | | | | |
| | | ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 8-тармағы бойынша | 29 | | | | |
| | | ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 9-тармағы бойынша | 30 | | | | |
| | | ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 10-тармағы бойынша | 31 | | | | |
| | | ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 11-тармағы бойынша | 32 | | | | |
| | | ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 12-тармағы бойынша | 33 | | | | |
| | | ҚР ҚПК-нің 36-бабының 1-бөлігі бойынша | 34 | | | | |

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2014 жылғы 1 қазандағы
№ 102 бұйрығына 2-қосымша

## "Қылмыстық қудалау органдарының жұмысы туралы" № 1-Е нысанды есепті қалыптастыру жөніндегі нұсқаулық

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 04.11.2021 № 145 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 04.11.2021 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Қылмыстық қудалау органдарының жұмысы туралы" № 1-Е есебі (бұдан әрі – есеп) қылмыстық істерді тергеп-тексеру барысында қылмыстық қудалау органдары қызметінің нәтижелерін көрсетеді және 7 кестеден тұрады.

Есепке алудың бірлігі қылмыстық іс болып табылады, есепке алу қайталама қабылданған шешімдермен жүргізіледі.

Есеп қылмыстық қудалау органдары жұмысының сапасы мен тиімділігін сипаттайтын құқықтық ақпаратты есепке алуға, жинауға және жүйелеуге арналған.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 04.11.2021 № 145 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабында және "Арнаулы мемлекеттік органдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабында көзделген органдар есептің субъектілері болып табылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 ( қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

3. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9744 болып тіркелген) "Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды , хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығына сәйкес қылмыстық қудалау органдарының қызметкерлері (анықтау органдары, тергеушілер, прокурорлар) толтырған сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінің (бұдан әрі – СДТБТ) электрондық ақпараттық есепке алу құжаттарының ( бұдан әрі – ЭАЕҚ) мәліметтері есепті қалыптастыру үшін негіз болып табылады.

Бөлімдерді есептеу қылмыстық қудалау органдарының қызметкерлері (анықтау органдары, тергеушілер, прокурорлар) СДТБТ-ға ЭАЕҚ енгізген күн бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Облыс бойынша жинақ ведомствоаралық есеп осы өңірдің қылмыстық қудалау органдарының есептерінен құралады.

5. Есепті құрастыру кезінде жеке көрсеткіштер арасындағы логикалық арақатынасты сақтау қажет.

6. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (бұдан әрі - Комитет) орталық аппаратында

автоматтандырылған режимде республика бойынша, сондай-ақ өңір бойынша және құқықтық статистиканың әрбір субъектісі бойынша жиынтық есеп қалыптастырылады.

Комитеттің аумақтық және оларға теңестірілген органдарының бастықтары жергілікті жерлерде СДТБТ келіп түскен мәліметтерінің дұрыстығын қамтамасыз етеді және есептіліктің бұрмалануын жою жөнінде қажетті шаралар қабылдайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 16.10.2023 № 189 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. СДТБТ-не АЭН мәліметтерінің уақытылы, дұрыс және толық енгізілуіне жауапты болып оларды тікелей енгізетін қызметкерлер табылады.

## 2-тарау. Есепті қалыптастыру мерзімдері

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 04.11.2021 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Есепті кезеңнің соңғы күнінде сағат 00.00-ге дейін (Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша) СДТБТ-ға ЭАЕҚ-ны түпкілікті жүктегеннен кейін белгілі бір кезеңде қалыптастырылған есепті есептеу жүргізіледі (статистикалық кесінді), ол есепті кезеңнен кейінгі айдың 2-күні бекітіледі.

Белгілі бір уақыт аралығында қалыптастырылып, бекітілген есепке (статистикалық кесіндіге) қандай да бір түзетулерді енгізуге тыйым салынады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.11.2021 № 145 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Комитет жиынтық есепті және әрбір қылмыстық қудалау органы бойынша есептерді Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне олардың ресми электрондық мекенжайларына электрондық форматта жібереді.

Егер мерзімнің аяқталуы жұмыс істемейтін (демалыс, мереке) күнге тура келсе, онда мерзімнің соңғы күні одан кейінгі бірінші жұмыс күні болып есептеледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 3-тарау. Есепті қалыптастыру құрылымы мен тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

### № 1-кесте "қылмыстық ізге түсу органдары жұмыстарының негізгі көрсеткіштері"

10. "Қылмыстық қудалау органдарының негізгі көрсеткіштері" есебінің № 1-кестесі СДТБТ-де толтырылатын ЭАЕҚ негізінде автоматты режимде қалыптастырылады, бұл кесте қылмыстық қудалау органдары жұмыстарының негізгі көрсеткішін белгілейді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.05.2018 № 61 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. 1-бағанда өспелі қорытындымен (қайталанған шешімдермен) есепті кезең үшін қылмыстық қудалау органдары жұмысының жалпы көрсеткіштері, 2-бағанда ағымдағы ай үшін тергеу (3, 4-бағандар) және анықтау (5, 6-бағандар) органдарының жұмысы ажыратылып көрсетіледі.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Жолдар қылмыстық қудалау органдары жұмысының негізгі көрсеткіштерін, оның ішінде есепті кезеңнің басында іс жүргізуде жатқан істердің қалдығын (1-жол), іс жүргізуге қабылданғанын (2-жол), электрондық форматта қылмыстық сот ісін жүргізу тағайындалған есепті кезеңде іс жүргізуде болған қылмыстық істердің санын (18-жол) қамтиды (19-жол).

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Аяқталған, оның ішінде электрондық форматтағы қылмыстық істер туралы мәліметтер (негізгі істер, сондай-ақ негізгі істерге қосылған, аяқталған эпизодтар бойынша қылмыстық істер), 25-54 жолдар бойынша бөлінеді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 16.10.2023 № 189 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. 55-56-жолдарда тергеулігі бойынша жіберілген істер, 57-60-жолдарда - қылмыстық істі үзуді келісу үшін прокурорға жіберілген қылмыстық істер, 61-63-жолдарда - анықтау органы бастығының бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы жұмысы туралы мәліметтер, 63-жолда - анықтау органы бастығының айыптау хаттамасының қаулысын келісуден бас тартуы, 64-68-жолдарда прокурор сотқа жіберген қылмыстық істер көрсетіледі.

69-жолда есепті кезеңдегі іс жүргізудегі істердің ішінен біріктірілген қылмыстық істердің саны, 70, 71-жолдарда есепті кезеңнің соңындағы аяқталмаған қылмыстық істердің қалдығы көрсетіледі.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 16.10.2023 № 189 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Қылмыстық қудалау органдарының тергеу әрекеттері туралы, сондай-ақ кәсіпкерлік қызмет саласындағы өтінішхаттары 72-130-жолдарда көрсетілген.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 16.10.2023 № 189 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15-1. 131-жолда Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚПК) 668-бабы бесінші бөлігінің тәртібінде прокурорға жіберілген мүлікті тәркілеу туралы іс жүргізу бойынша қорытындылар көрсетіледі.

Ескерту. Нұсқаулық 15-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Бас Прокурорының 15.06.2020 № 76 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 16.10.2023 № 189 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

15-2. 132-жолда ҚР ҚПК-нің 200-бабының тәртібінде мемлекеттік органдарға, ұйымдарға немесе онда басқарушылық функцияларды орындайтын адамдарға енгізілген ұсынулар, оларды қарау нәтижелері бойынша, оның ішінде мерзімі бұзылғандары бойынша бөлініп, тәртіптік және әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамдардың саны бойынша көрсетіледі (133-137-жолдар).

Ескерту. 3-тарау 15-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз); жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 01.02.2024 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

16. Алып тасталды – ҚР Бас Прокурорының 04.05.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Алып тасталды – ҚР Бас Прокурорының 04.05.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Алып тасталды – ҚР Бас Прокурорының 04.05.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Алып тасталды – ҚР Бас Прокурорының 04.05.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Алып тасталды – ҚР Бас Прокурорының 04.05.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Алып тасталды – ҚР Бас Прокурорының 04.05.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Алып тасталды – ҚР Бас Прокурорының 04.05.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Алып тасталды – ҚР Бас Прокурорының 04.05.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

бұйрығымен.

24. Алып тасталды – ҚР Бас Прокурорының 04.05.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Алып тасталды – ҚР Бас Прокурорының 04.05.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Алып тасталды – ҚР Бас Прокурорының 04.05.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Алып тасталды – ҚР Бас Прокурорының 04.05.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Алып тасталды – ҚР Бас Прокурорының 04.05.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Алып тасталды – ҚР Бас Прокурорының 04.05.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен..

**№ 2-кесте "Сотқа дейінгі тергеу мерзімдері үзілген қылмыстық істер бойынша қылмыстық ізге түсу органдары жұмыстарының көрсеткіштері"**

30. Көрсетілген кесте ҚР ҚПК-нің 45-бабының тәртібімен сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілген қылмыстық істердің саны туралы мәліметтерді қамтиды және 8 баған мен 60 жолдан тұрады.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

31. 1-бағанда үдемелі қорытындысымен (қайта шешімдерімен) есепті кезеңде қылмыстық қудалау органдарының сотқа дейінгі тергеп-тексерудің үзілген мерзімдері бойынша жұмыс көрсеткіштері, 2-бағанда ағымдағы ай бойынша тергеу (3, 4-бағандар) және анықтау (5, 6-бағандар) органдарының жұмысы бөлініп көрсетіледі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді үзуді келісуден прокурордың бас тартуы 7, 8-бағандарда көрсетіледі.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. 1-жолда 2-10-жолдарда көрсетілген негіздер бойынша бөле отырып, ҚР ҚПК-нің 45-бабының тәртібімен сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілген қылмыстық істер көрсетіледі.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

33. 11-жолда 12-20-жолдарда көрсетілген ҚР ҚПК-нің 45-бабының негіздері бойынша бөле отырып, органның өзі сотқа дейінгі тергеп-тексерудің үзілген мерзімдерінің ішінен қайта басталған барлық қылмыстық істер ескеріледі.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

34. 11-жолдан 21-29-жолдарда сотқа дейінгі тергеп-тексерудің үзілген мерзімдерінің ішінен органның өзі қайта басталған қылмыстық істер бойынша соңғы процестік шешім көрсетіледі; 21-жолда – сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзу туралы; 22-жолда - қылмыстық істі тоқтату туралы; 23-жолда - оның ішінде ҚР ҚПК-нің 35-бабы бірінші бөлігінің 1), 2), 5), 6), 7), 8) тармақтары және екінші бөлігі бойынша тоқтату туралы; 24-жолда - айыптау актісін бекіту үшін прокурорға жіберу туралы; 25-жолда - медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қабылдау үшін прокурорға жіберу туралы; 26-жолда – жеделдетілген сотқа дейінгі іс жүргізу нысанында аяқталды; 27-жолда – кінәні мойындау туралы процестік келісім жасасу тәртібімен аяқталды; 28-жолда - хаттамалық нысанда аяқталды; 29-жолда - басқа да процестік шешімдер (біріктіру, бөлектеп алу, тергеулігі бойынша жіберу).

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

35. 30-жолда сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілген қылмыстық істердің қалдығы 30-жолдан 31-39-жолдарда ҚР ҚПК-нің 45-бабы негіздері бойынша бөліне отырып бейнеленеді.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

36. 40-жолда прокурор сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзу туралы қаулыны келісуден бас тартқаннан кейін қабылданған процестік шешімдердің саны көрсетіледі.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

37. 40-жолдан қабылданған процестік шешімдер 41-49-жолдарда көрсетіледі.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

37-1. 50-жолда сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзу туралы күші жойылған қаулылардың саны көрсетіледі.

Ескерту. 3-тарау 37-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

37-2. 50-жолдан қабылданған процестік шешімдер 52-60 жолдарда көрсетіледі.

Ескерту. 3-тарау 37-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

**3-кесте "Тоқтатылған қылмыстық істер бойынша қылмыстық ізге тусу органдарының жұмыстарының көрсеткіштері"**

38. Бұл кесте тоқтатылған қылмыстық істер бойынша мәліметтерді құрайды және 8 баған мен 78 жолдан тұрады.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. 1-бағанда үдемелі қорытындысымен (қайта шешімдерімен) есепті кезеңде қылмыстық қудалау органдарының тоқтатылған қылмыстық істер бойынша жұмыс көрсеткіштері көрсетіледі, 2-бағанда ағымдағы ай бойыша тергеу (3, 4-бағандар) және анықтау (5, 6-бағандар) органдарының жұмысы бөлініп көрсетіледі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтатуға келісуден прокурордың бас тартуы 7, 8-бағандарда көрсетіледі.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

40. 1-жолда аяқталғандар санынан негізгі істер бойынша тоқтатылған қылмыстық істердің жалпы саны бейнеленеді.

41. 1-жолдан 2-14 жолдарда тоқтату негіздерінің түрлері бойынша таратып салу бейнеленеді.

42. 15-жолда негізгі істерге қосылған тоқтатылған оқиғалар саны айрықшаланады, 16-жолда 15-жолдан оңалтатын негіздер бойынша тоқтатылған қылмыстық істер бейнеленеді.

43. 17-жолда тергеу барысында прокурор тоқтатқан қылмыстық істер саны бейнеленеді. 18-30-жолдарда 17-жолдан тоқтату негіздері бойынша бөлумен бейнеленеді.

44. 31-жолда оған айыптау актісімен келіп түскеннен кейін прокурор тоқтатқан қылмыстық істер айрықшаланады. 31-жолдан 32-44-жолдарда ҚР ҚПК 35 және 36 баптарының негіздері бойынша бөлумен бейнеленеді.

45. 45-жолда прокурор қылмыстық істі тоқтату туралы қаулыны бекітуден бас тартқаннан кейін қабылданған процестік шешімдердің саны көрсетіледі.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. 45-жолдағы қабылданған процестік шешімдер 46-дан 54-жолдарда көрсетіледі.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. 55-жолда 1-жолдан прокурордың қылмыстық істі тоқтату туралы, оның ішінде қылмыстық қудалау органының өзінің өтінішхаты бойынша күшін жойған қаулылардың саны көрсетіледі.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. 55-жолдан 57-ден 69-ға дейінгі жолдарда ҚР ҚПК-нің 35 және 36-баптары бойынша қылмыстық істерді тоқтату негіздері көрсетіледі.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. 70-78-жолдарда прокурор қылмыстық істі тоқтату туралы қаулының күшін жойғаннан кейін қабылданған процестік шешімдер көрсетіледі (55-жол).

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**№ 4-кесте "Бұлтартпау шарасын таңдау бойынша қылмыстық ізге түсу органдарының жұмыстарының көрсеткіштері"**

50. "Бұлтартпау шарасын таңдау бойынша қылмыстық қудалау органдар жұмысының көрсеткіштері" № 4 кестесі СДТБТ-ға енгізілетін ЭАЕҚ негізінде автоматты режимде қалыптастырылады, бұл кесте Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес бұлтартпау шарасы қолданылған ұстап алынған (соның ішінде кәмелетке толмаған тұлғалар) тұлғалар туралы мәліметтерді қамтиды.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.05.2018 № 61 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. 1-бағанда өспелі нәтижемен (қайталамалармен) есепті мерзімде, 2-бағанда кәмелетке толмағандарға қатысты бұлтартпау шарасын таңдау бойынша қылмыстық ізге түсу органдарының жұмысының жалпы көрсеткіштері, 3-бағанда тергеу органдарының есепті мерзімде, 4-бағанда кәмелетке толмағандарға қатысты жұмысының көрсеткіштері, 5-бағанда анықтау органдарының есепті мерзімде, 6-бағанда кәмелетке толмағандарға қатысты жұмысының көрсеткіштері бейнеленеді.

52. 1-жолда оларға қатысты мынадай бұлтартпау шарасы таңдалған тұлғалар саны көрсетіледі: 2-жолда – ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлық туралы қолхат, 3-жолда – жеке кепілгерлік, 4-жолда – әскери қызметшіні әскери бөлім қолбасшылығының байқауда ұстауына беру, 5-жолда – кәмелетке толмаған тұлғаны қарауға ұстауға беру, 6 -жолда – кепіл, 7-жолда – үйде қамау және 8-жолда – күзетпен ұстау.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.05.2018 № 61 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. 1-8-жолдардағы мәліметтер тұлғаға процестік мәжбүрлеу шарасы қолданылғаны-қолданылмағанына байланыссыз бейнеленеді (бір тұлғаға қатысты таңдалған барлық бұлтартпау, соның ішінде қайталама шаралары ескеріледі).

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.05.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. 9-дан 60-ға дейінгі жолдардың қалыптасуы бастапқы қабылданған шешім бойынша ұсталған тұлғалар туралы мәліметтер белгіленеді (ұсталған мерзімдерін қоспағанда).

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.05.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. 61-71-жолдар қылмыстық қудалау органдары жіберген "күзетпен ұстау", "үйде қамауда ұстау", "кепіл" ретінде бұлтартпау шараларын тағайындау туралы қылмыстық қудалау органдары жолдаған мәліметтер 61-71 жолдарында белгіленген.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.05.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

56. Күзетпен ұсталған адамдар аяқталған қылмыстық істер бойынша ұстау мерзімдері бойынша бөле отырып, 72-77-жолдарға бөлінеді. Осы жолдардың көрсеткіштерін есепке алу ЭАЕҚ бойынша жүргізіледі, онда сотқа жіберу туралы шешім көрсетіледі және адамға қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы таңдалды, бұл ретте осы адамға қатысты соңғы шешім ескеріледі.

Аяқталмаған істер бойынша күзетпен ұсталатын адамдардың саны 78-83-жолдарда бөлінеді.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

57. Алып тасталды – ҚР Бас Прокурорының 04.05.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

58. Алып тасталды – ҚР Бас Прокурорының 04.05.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59. Алып тасталды – ҚР Бас Прокурорының 04.05.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**№ 5-кесте "Қылмыстық істерді сотқа дейінгі тергеу мерзімдері бойынша қылмыстық ізге түсу органдарының жұмыстарының көрсеткіштері"**

60. Осы кесте қылмыстық істерді тергеп-тексеру мерзімдері туралы мәліметтерді көрсетеді және 6 баған мен 24 жолдан тұрады (қайталама қабылданған шешімдермен қалыптасады).

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.11.2021 № 145 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. 1, 2, 3, 4, 5 және 6 бағандар 1-кесте бағандарындағы ұқсастық бойынша қалыптастырылады.

62. 1-жолда ҚР ҚПК 192-бабының 1 және 2-бөлімдерімен белгіленгеннен артық мерзімдерде аяқталған қылмыстық істер бойынша мәлімметтер бейнеленеді.

63. 2-жолда – ҚР ҚПК 192-бабының 4-бөлімімен көзделген тәртіпте тергеу мерзімдерін ұзартумен.

64. 3-жолда – ҚР ҚПК 192-бабының 7-бөлімі тәртібінде қосымша тергеу жүргізу үшін істі қайтарумен байланысты.

65. 4-жолда – іс бойынша іс жүргізуді қайта бастаумен, оның ішінде 5-жолда – ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 1) тармағынан, 6-жолда – ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 3) тармағынан және 7-жолда – бұрын тоқтатылғандар санынан, 8 - жолда – тергеулігі бойынша қабылданғандардың санынан.

Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.11.2021 № 145 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66. 9-15-жолдарда – тергеп-тексеру мерзімдері бойынша бөліп жазумен аяқталған қылмыстық істер көрсетіледі.

Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.11.2021 № 145 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

67. 16-жолда тергеп-тексеру мерзімдері бойынша 17-24-жолдарға бөліп жазумен аяқталмаған істердің қалдықтары көрсетіледі.

Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.11.2021 № 145 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## Параграф 6. "Оларға қатысты қылмыстық қудалау ақтайтын негіздер бойынша қысқартылған не ақтау үкімі шығарылған адамдардың саны туралы қылмыстық қудалау органдары жұмысының көрсеткіштері" (№6 кесте)

Ескерту. 6-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

68. Осы кестеде оларға қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған не ақтау үкімі шығарылған адамдардың саны туралы мәліметтер қамтылады және 12 баған мен 28 жолдан тұрады.

Ескерту. 68-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

69. 1-бағанда үдемелі қорытындысымен (қайта шешімдермен) есепті кезең үшін қылмыстық істерді тергеп-тексерген кезде қылмыстық қудалау органдарының оларға қатысты қылмыстық қудалау ақтайтын негіздер бойынша тоқтатылған не ақтау үкімі

шығарылған адамдар саны туралы жұмысының көрсеткіштері көрсетіледі, оның ішінде ағымдағы ай бойынша (2-баған), өткен жылдары оларға қатысты шешім қабылданған адамдарға қатысты (3-баған), электрондық нысандағы істер бойынша (4-баған), тергеу (5-тен 8-бағандарға дейін) және анықтау (9-дан 12-бағандарға дейін) органдарының жұмысы бөлініп көрсетіледі.

Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

70. 1-жолда қандай да бір бұлтартпау шарасы қолданылған не оның іс-әрекеттерін саралау туралы қаулы жарияланған, ал кейін егер адамдар ҚР ҚПК-нің 131, 139-баптары тәртібімен ұсталса немесе адамдар ҚР ҚПК-нің 146, 147-баптары тәртібімен күзетпен ұсталса, есепті кезеңде қылмыстық қудалау органдары немесе сот іс жүргізуді ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1 және 2-бөліктерінің 1), 2), 5), 6), 7), 8) тармақтары бойынша тоқтатқан адамдардың жалпы саны көрсетіледі.

1, 3, 10 және 19-жолдарда есепті кезеңде адамдарды қылмыстық жауаптылыққа қайта тарту жағдайларын қоспағанда, өткен жылдары есепке алынған адамдар енгізілмейді.

Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

71. 2-жолда 1-жолдан қылмыстық теріс қылықтар бойынша істер бөлінеді.

Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72. 3-жолда оларға қатысты іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарылған (4-жол), ҚР ҚПК-нің 128-бабы тәртібінде ұстап алу қолданылған (6-жол), қандай да бір бұлтартпау шарасы қолданылған (8-жол), одан кейін іс жүргізу ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1 және 2-бөліктерінің 1), 2), 5), 6), 7), 8) тармақшалары бойынша тоқтатылған адамдар көрсетіледі.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

73. 10-жолда 1-жолдан оларға қатысты ҚР ҚПК-нің 128-бабы тәртібінде ұстап алу қолданылған (15-жол), қандай да бір бұлтартпау шаралары қолданылған (17, 18-жол), одан кейін іс жүргізу ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1 және 2-бөліктерінің 1), 2), 5), 6), 7), 8) тармақшалары бойынша тоқтатылған адамдар көрсетіледі.

Ескерту. 73-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

74. 12-ден 14-жолдарға дейін бірінші, апелляциялық және кассациялық сатылардағы сот органдары қабылдаған шешімдер көрсетіледі.

Ескерту. 74-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

75. 19-жолда 1-жолдан бірінші, апелляциялық және кассациялық сатылардағы сот органдары шығарған заңды күшіне енген үкімдер бойынша ақталған адамдар көрсетіледі.

Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

76. 28-жолда әрекеттерін саралауға бас тартылған адамдар саны көрсетіледі.

Ескерту. 76-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**7-кесте "Кәмелетке толмағандардың істері бойынша қылмыстық ізге түсу органдарының жұмыстарының көрсеткіштері"**

77. Осы кесте 4 бағаннан және 34 жолдан тұрады және кәмелетке толмаған адамдарға қатысты қозғалған қылмыстық істер бойынша іс жүргізудегі және қабылданған процестік шешімдер туралы мәліметтерді көрсетеді.

Ескерту. 77-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

78. 1-бағанда үдемелі қорытындысымен (қайта шешімдермен) есепті кезеңде кәмелетке толмағандардың істері бойынша қылмыстық қудалау органдары жұмысының көрсеткіштері, тергеу (2-баған) және анықтау (3-баған) органдарының жұмысы бөлініп көрсетіледі. Прокурордың процестік шешімдерді келісуден/бекітуден бас тартуы 4-бағанда көрсетіледі.

Ескерту. 78-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

79. 1-жолда өндірістегі кәмелетке толмағандарға қатысты қозғалған қылмыстық істердің жалпы саны бейнеленеді.

80. 2-жолда – қосымша тергеп-тексеруге қайтарылған қылмыстық істердің саны.

81. 3-жолда 4 – бұрын тоқтатылғандардан және 5 – бұрын сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілген істерден - жолдарына бөлумен өндіріспен қайта қозғалған қылмыстық істер саны ескеріледі.

82. 6-жолда 7-15-жолдар бойынша ҚР ҚПК-нің 45-бабының негіздері бойынша бөле отырып, сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілген істер саны көрсетіледі.

Ескерту. 82-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

83. 16-жолда тергеулігі бойынша берілген қылмыстық істер көрсетіледі.

Ескерту. 83-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

84. Есепті кезеңде аяқталған қылмыстық істердің саны 17-жолда көрсетіледі.

Ескерту. 84-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

85. ҚР ҚПК-нің 192-бабында белгіленгеннен астам мерзімде аяқталған қылмыстық істердің саны 18-жолда көрсетіледі.

Ескерту. 85-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

86. 17-жолдан 19-21-жолдарда медициналық сипаттағы шаралар қабылдау үшін айыптау актісімен прокурорға жіберілген қылмыстық істердің саны және тоқтатылған қылмыстық істер көрсетіледі.

Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

87. Қылмыстық істерді тоқтату негіздері 22-34-жолдарда көрсетіледі.

Ескерту. 87-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

Ескерту: егер аяқталудың мерзімі жұмыс емес (демалыс, мерекелік) күнге келген жағдайда, ақырғы күннің мерзімі болып келесі жұмыс күннің бірінші күні саналады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК